




Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Фискалдық чектер деректері негізінде бағалар мониторингі

Эксперименттік статистика
№2024-02 жұмыс мақаласы

Астана 2024



Эксперименттік статистика туралы

Эксперименттік статистика – бұл **тестілеу сатысында** тұрған және **ресми статистикаға кірмейтін** көрсеткіштер мен құралдар. Көрсеткіштер мен құралдар инновациялық әдістерге және/немесе жаңа дереккөздерге негізделген.

Эксперименттік есептеулердің нәтижелерін талдауды, халықаралық сарапшылардың ұсынымдарын, сондай-ақ пайдаланушылардан кері байланыс алуды ескере отырып, әдіснамалық тәсілдер, сәйкесінше **нәтижелер** түпкілікті әдіснаманы қалыптастыру үрдісінде **өзгеруі мүмкін**.

Сонымен, эксперименттік статистика **жаңа тәсілдерді сынауға арналған** және оны ресми статистикалық ақпарат ретінде **пайдаланылмайды**.

Эксперименттік статистика шеңберінде «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының «Ұсынылатын деректердің құпиялылық және қорғалу кепілдіктерін қамтамасыз ету» 8-бабының 1-7-тармақтарына сәйкес пайдаланылатын **бастапқы статистикалық деректердің құпиялылығы сақталады**.

1. Түйінді тұстары

- Бұл мақала пайдаланушыларды Қазақстан Республикасында **инфляцияны есептеуді** жаңғырту бойынша жүргізіліп жатқан зерттеулер туралы хабардар ету үшін, сондай-ақ әзірленген интерактивті дашбордқа түсіндірме ретінде жарияланады.

- Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Бюро) Мемлекеттік статистика және ұлттық деректер экожүйесін дамытудың 2023-2025 жылдарға арналған портфелі шеңберінде балама деректер негізінде пилоттық режимде **инфляцияны мониторингтеудің жаңа форматына көшу** жобасын (бұдан әрі - Жоба) іске асырады. Инфляцияны есептеу үшін балама деректер ретінде фискалдық деректер операторларының (бұдан әрі – ФДО) деректері қолданылады.

- Бюро Жобаны іске асыру үшін бірлескен бұйрық шеңберінде Қаржы министрлігінен фискалдық чектер туралы деректерді алады. Апта сайын орта есеппен **130-145** миллион жазба түседі.

- Эксперименттік есептеулер **2023 жылғы қаңтардан 2024 жылғы маусым аралығындағы** кезең үшін жүргізілді.

- **Фискалдық деректер операторлары** – ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері арқылы салық органдарына ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді жедел беруді қамтамасыз ететін, ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті орган айқындаған заңды тұлға.

- **Бақылау-касса машинасы** – тауарларды өткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету кезінде жүзеге асырылатын, ақшалай есеп айырысулар туралы ақпаратты тіркеуді және көрсетуді қамтамасыз ететін, деректерді беру функциясы жоқ фискалдық жады блогы бар электрондық құрылғы, деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар (жоқ) аппараттық-бағдарламалық кешен, деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар электрондық құрылғы.

- **Бақылау-касса машинасының чегі** – сатушы (тауарды, жұмысты, көрсетілетін қызметті беруші) мен сатып алушы (клиент) арасындағы ақшалай есеп айырысудың жүзеге асырылу фактісін растайтын, қағаз түрінде не электрондық түрде берілген бақылау-касса машинасының бастапқы есепке алу құжаты.

- ФДО деректері бойынша жекелеген тауарларға арналған эксперименттік **баға индекстерінің нәтижелері** өткен айға, өткен жылдың желтоқсанына, өткен жылдың тиісті айына дашбордта ұсынылған.

2. Кіріспе

Статистикалық өндірісте, оның ішінде баға статистикасында **ауқымды деректерді пайдалану** дамудың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Бельгия, Швеция, Швейцария сияқты еуропалық елдер бақылау объектілерін аралап шығу арқылы бағаларды тіркеудің дәстүрлі әдістеріне қосымша инфляцияны есептеу үшін балама деректерді – сканерлеу деректерін белсенді пайдаланады.

Сканерлеу деректері – сауда нүктелерінің электрондық терминалдарынан тауарлардың сканерленген штрих-кодтарынан алынған тауарларды өткізу туралы деректер.

Статистикалық деректердің жеделдігі мен сапасын арттыру мақсатында Бюро Жоба шеңберінде инфляцияны құру үшін сатып алушы нақты төлеген фискалдық деректерді пайдалануға кірісті. ФДО деректерін зерделеу бойынша жұмыс жүргізілді, әдістеменің жобасы әзірленді, эксперименттік есептеулердің нәтижелері алынды.

ФДО деректері **келесі ақпаратты** қамтиды: сауда кәсіпорнының бизнес сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН), бақылау-касса машинасын пайдалану орнының мекенжайы, сатып алынатын тауардың саны, тауарды сатудың жалпы сомасы, сатып алу күні мен уақыты.

Ауқымды деректермен жұмыс істеудің негізгі аспектілерінің бірі – **олардың сапасы**. Алайда, бақылау-кассалық машиналардың чектерінен жүйеге кіретін деректердің бірқатар шектеулері бар, бұл оларды бағаны талдау үшін пайдалануды қиындатады. Нақты тауар позицияларын сәйкестендіру мен салыстыруда қиындықтар орын алды, өйткені деректер **құрылымдалмаған** және тауарлардың бағаға әсер ететін сипаттамалары туралы ақпаратты қамтымайды.

Алынған деректер машинаны үйрету құралдарын қолдана отырып **тазартылады және белгіленеді**. Машинаны үйрету моделін пайдалану тауарлар атауларының кейбір түрлерін тануға мүмкіндік береді.

ФДО деректерінің көлемі қаншалықты үлкен болғанымен, олар нысандардың шектеулі бөлігін ғана қамтиды, ол біздің қызығушылығымызды тудырып отырған бас жиынтықпен сәйкес келмеуі мүмкін. Осыған байланысты өнім түрлері бойынша бөлшек **тауар айналымының көлеміне** сүйене отырып (ішкі сауда статистикасының деректері: "Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу туралы есеп" 1-ВТ статистикалық нысаны) ФДО деректерінің **өкілдігін айқындау** жұмысы жүзеге асырылды. Оның нәтижелері бойынша **Астана және Алматы қалалары, Қарағанды облысы** бойынша неғұрлым өкілді тауарлар (**20 атау**) айқындалды. Эксперименттік есептеу азық-түлік өнімдерінің **13** позициясы, азық-түлік емес тауарлардың **7** позициясы бойынша жүргізілді.

3. Жеке баға индексін есептеу әдіснамасы

ФДО деректері негізінде инфляцияны есептеу әдістемесіне жаңалықтар енгізу жұмысын Бюро **ХВҚ халықаралық сарапшыларының** техникалық көмек көрсетуі шеңберінде жүзеге асырады.

Халықаралық тәжірибеде инфляцияны есептеуде ауқымды деректерді пайдаланудың мынадай тәсілдері қолданылады: статикалық, динамикалық және көпқырлы.

Іріктемені қалыптастырудың дәстүрлі әдісіне **ең жақыны – статикалық тәсіл**. Статикалық тәсіл кезінде жылдың басында неғұрлым көп сатылатын тауарлардың іріктемесі айқындалады және есепті жыл ішінде олар бойынша бағаға зерттеу жүргізіледі. Мұндай тәсілде есепті жыл ішінде нарықта пайда болған тауарлардың жаңа түрлері инфляцияны есептеуде ескерілмейді.

Динамикалық тәсіл кезінде тұтыну бағалары индексінің тауарлар себеті ай сайын жаңартылып отырады, бұл тауардың ассортименттік түрі іріктемесінің өзектілігін қамтамасыз етеді. Ай сайын екі ай қатарынан қолжетімді, сатылатын тауарлар таңдалады. Бұл әдіс Еуропаның көптеген елдерінде (Люксембург, Австралия, Голландия, Бельгия және т.б.) қолданылады, ол орташа бағаны қалыптастырмай индекстік тәсілді қамтиды.

Көпқырлы тәсіл белгілі бір уақыт аралығының кемінде екі кезеңінде қолжетімді барлық тауарларды ескереді. Көпқырлы индексті пайдалану кезінде индекс есептелетін кездегі уақыт интервалы ай сайын жаңартылады. Көбінесе жылжымалы уақыт аралығы қолданылады: ай сайын уақыт кезеңі 1 айға алға жылжиды. Уақыт аралығы неғұрлым ұзағырақ болса, алдыңғы айдағы деректер ағымдағы айдың компиляцияларына соғұрлым көп әсер етеді.

Бюро ФДО деректері бойынша эксперименттік инфляцияны есептеу үшін ХВҚ халықаралық сарапшысының ұсынымдарына сәйкес Қазақстанда **динамикалық тәсілді** қолдануды таңдады.

Республикадағы тұтыну себетінің тауарлары Тауар позицияларының анықтамалығына сәйкес Мақсаттар бойынша жеке тұтыну жіктеуішіне (бұдан әрі – МЖТЖ) жіктеледі. Бастапқы кезеңде ФДО деректерін МЖТЖ элементтерінің **жіктелімімен өзара байланыстыру** жүзеге асырылады.

Әрі қарай **ауқымды деректерді тазартудың** бірнеше кезеңдері жасалады, ол маңызды емес ақпаратты, қателерді, бағаны байқау шеңберінен тыс шығарындыларды және **деректерді қалыпқа келтіруді** болдырмайтын.

Бағаның өзгеруіне өңір, базалық объектінің типі сияқты әр түрлі факторлардың әсерін ескере отырып, **стратаның** оңтайлы **деңгейін** анықтау маңызды. Страта баға индексін есептеу үшін ең кіші агрегат ретінде қызмет етеді, содан кейін оны өлшеу арқылы біріктіреді.

Қалыптасқан страта **тауар, өңір және базалық объектінің типі** бойынша ФДО топтастырылған деректерін білдіреді.

Қызметкерлерінің саны бойынша заңды тұлғалардың, филиалдар мен өкілдіктердің, сондай-ақ дара кәсіпкерлік субъектілерінің өлшемдерін (бұдан

әрі - КӨЖ) жіктеуге және кодтауға сәйкес базалық объектілер стратификациялаудың үш типіне бөлінеді: **ірі, орта және шағын**.

Тауар бөлінісінде базалық объектілердің типтері бойынша **салмақтар** базалық объектінің тиісті типінің **бөлшек тауар айналымының** жылдық көлемін өңірдің бөлшек тауар айналымының жалпы көлеміне арақатынасы арқылы айқындалады.

Айлық баға индексінің есептеуде **есепті айдың алғашқы 3 аптасындағы** ФДО деректері ескеріледі.

Тауардың (тауардың атауы) кіші түрінің бағасы БСН бойынша өңір бойынша:

$$P = \frac{\sum Q}{\sum K}$$

формуласы бойынша анықталады, мұнда

P – тауардың кіші түрінің бағасы (тауардың атауы);

Q – тауардың кіші түрін сатудың жалпы сомасы;

K – сатып алынған тауардың кіші түрінің саны.

Алдыңғы кезеңге (айға) есепті кезең **бағасының жеке индексі** есептеу бірнеше кезеңмен жүзеге асырылады:

1) **Тауардың (тауардың атауы) кіші түрі бойынша баға индексі** өңір бойынша БСН бойынша өткен айға:

$$I_{jr} = \frac{\overline{P_{jr(t)}}}{\overline{P_{jr(t-1)}}} \times 100$$

формуласы бойынша табылады, мұнда

I_{jr} – j тауардың (тауардың атауы) кіші түрі бойынша баға индексі, r өңір бойынша $(t-1)$ алдыңғы кезеңге t кезеңінде БСН бойынша;

$P_{jr(t)}$ – j тауардың (тауардың атауы) кіші түрінің бағасы, t есепті кезеңнің r өңірінің БСН бойынша;

$P_{jr(t-1)}$ – j тауардың кіші түрінің бағасы (тауардың атауы), $t-1$ алдыңғы кезеңнің r өңірдің БСН бойынша.

2) **j тауар түрі бойынша баға индексі (тауар санаты) k БО КӨЖ** бойынша өңір бойынша орташа геометриялық ретінде:

$$\overline{I_{jkr}} = \sqrt[n]{I_{j1kr} \times I_{j2kr} \times \dots \times I_{jnkr}}$$

формуласы бойынша есептеледі, мұнда

I_{jkr} – j тауар түрінің (тауар санаты) баға индексі r өңірі бойынша k БО КӨЖ бойынша;

$i_{j1kr}, I_{j2kr}, \dots, I_{jnkr}$ – тауардың (тауардың атауы) кіші түрлері бағасының индексі j (1,2..n) r аймағы бойынша k БО КӨЖ бойынша;

n – тауарлар түріндегі (тауарлар санаттары) j тауардың (тауарлар атауларының) кіші түрлерінің саны осы k БО КӨЖ r өңірінде.

3) **Өңір бойынша тауар түрінің (тауар санаты) баға индексі:**

$$\overline{I_{jr}} = \frac{(I_{jk1r} \times W_{jk1r}) + (I_{jk2r} \times W_{jk2r}) + \dots + (I_{jknr} \times W_{jknr})}{W_{jk1r} + W_{jk2r} + \dots + W_{jknr}}$$

формула бойынша табылады, мұнда

$\overline{I_{jr}}$ – j тауар түрінің баға индексі (тауар санаты) r өңір бойынша;

$I_{jk1r}, I_{jk2r}, \dots, I_{jknr}$ – j тауар түрінің баға индексі (тауар санаты) БО КӨЖ k бойынша (1,2..n) r өңір бойынша;

$W_{jk1r}, W_{jk2r}, \dots, W_{jknr}$ – k БО КӨЖ бойынша бөлшек тауар айналымы көлемінің салмақ мәндері (1,2..n) r өңірі бойынша j тауар түрі бойынша.

4. Нәтижелер

Эксперименттік есептеулер нәтижесінде Бюроның ресми деректерімен (дәстүрлі тәсілмен) салыстырғанда 2023 жылғы ақпаннан 2024 жылғы маусымға дейінгі кезеңде Астана, Алматы қалалары және Қарағанды облысының 20 тауар бойынша баға индекстері қалыптастырылды.


Кейбір тауарларға **бір айдағы** бағаның өзгеру **үрдісі ұқсас** байқалды: қырыққабатқа, сәбізге, пиязға, қиярға, қызанаққа – барлық үш өңірде; алмаға – Астана қаласында және Қарағанды облысында; картопқа – Астана қаласында.

Тауарлар мен өңірлер бойынша жекелеген мысалдар 1 және 2-суреттерде келтірілген.

1-сурет

Қарағанды облысындағы сәбізге тұтыну бағасының индексі


өткен аймен салыстырғанда пайызбен, өсім



2-сурет

Астана қаласындағы қиярға тұтыну бағасының индексі

өткен аймен салыстырғанда пайызбен, өсім



Сонымен қатар, белгілі бір айларда жекелеген өңірлер бойынша баға индекстерінде **айтарлықтай айырмашылықтар** байқалады. 1-кестеде ФДО және Бюро деректерін салыстыру кезінде баға индекстері **15** пайыздық тармақтан жоғары немесе төмен болған ұқсас серпіні бар тауарлардың тізімі келтірілген.

1-кесте

Ұқсас серпіні бар баға индекстері

өткен айға, пайызбен

Тауардың аты	Өңір	Кезең	ФДО деректері	Бюро деректері
А	Б	В	1	2
Аққауданды қырыққабат	Астана қаласы	2023 жылғы сәуір	109,5	134,2
		2023 жылғы мамыр	103,5	118,7
		2023 жылғы қыркүйек	71,9	93,8
	Алматы қаласы	2023 жылғы шілде	155,2	124,7
		2024 жылғы мамыр	93,0	76,1
	Қарағанды облысы	2023 жылғы ақпан	133,8	110,9
		2023 жылғы маусым	64,9	81,5
		2023 жылғы шілде	160,9	119,7
		2024 жылғы маусым	71,6	92,0
Картоп	Астана қаласы	2023 жылғы қыркүйек	77,6	94,3
Пияз	Астана қаласы	2023 жылғы маусым	82,8	98,8
		2024 жылғы мамыр	110,5	130,3
	Алматы қаласы	2024 жылғы мамыр	108,9	143,9
Сәбіз	Астана қаласы	2023 жылғы қыркүйек	75,4	97,1
	Алматы қаласы	2023 жылғы мамыр	120,6	102,2
		2023 жылғы қыркүйек	72,8	91,9
	Қарағанды облысы	2023 жылғы мамыр	131,8	111,5
		2023 жылғы қыркүйек	74,6	96,7
		2024 жылғы мамыр	103,8	127,5
Қияр	Астана қаласы	2023 жылғы мамыр	67,3	48,5
		2024 жылғы сәуір	84,4	67,2
	Алматы қаласы	2023 жылғы мамыр	68,3	52,3
		2023 жылғы шілде	83,8	68,0
		2023 жылғы тамыз	121,4	100,9
		2023 жылғы желтоқсан	127,1	182,3
	Қарағанды облысы	2023 жылғы желтоқсан	156,4	135,9
		2024 жылғы ақпан	103,4	135,2
		2024 жылғы маусым	93,8	75,4
Қызанақ	Астана қаласы	2023 жылғы ақпан	109,9	137,5
		2023 жылғы маусым	69,9	88,0
	Алматы қаласы	2023 жылғы шілде	97,5	66,6
		2023 жылғы желтоқсан	102,6	133,8
Теледидар	Астана қаласы	2024 жылғы сәуір	106,4	126,9
	Алматы қаласы	2024 жылғы сәуір	101,0	126,9
	Қарағанды облысы	2024 жылғы сәуір	101,7	126,9
АИ-92 маркалы бензин	Қарағанды облысы	2023 жылғы мамыр	115,3	100,1

Мәндердің ең үлкен айырмашылығы мыналарға тіркелді: қияр мен қызанаққа Алматы қаласында 2023 жылғы желтоқсанда 55,2 пайыздық тармаққа және 31,2 пайыздық тармаққа, тиісінше; қырыққабатқа – Алматы қаласы және Қарағанды облысында 2023 жылғы шілдеде 30,5 пайыздық тармаққа және 41,2 пайыздық тармаққа, тиісінше тіркелді.

2024 жылғы қаңтар-маусымда тауарлардың 70-85% тауарлар (20-дан 17 позиция) бағаның өзгеруіне **ұқсас серпініне** ие, **бір жыл ішінде** (2024 жылғы маусым 2023 жылғы маусымға дейін) – тауарлардың 55-80% (2 кесте).

2-кесте

**Эксперименттік есептеулер және дәстүрлі тәсіл бойынша
баға индекстерінің ұқсас серпіні бар тауарлар саны**

	2024 жылғы қаңтар-маусым	2024 жылғы маусым 2023 жылғы маусымға
Астана қаласы	17	16
Алматы қаласы	17	14
Қарағанды обласы	14	11

Эксперимент нәтижелері мен өңірлік бөліністегі дәстүрлі тәсіл бойынша бағаның өзгеруінің **ұқсас серпіні** былай қалыптасты:

1) Ағымдағы жылғы қаңтар-маусым кезеңінде:

- Астана қаласында 17 позиция бойынша (85%): қарақұмық жармасына, сары май және күнбағыс майына, қаймаққа, картопқа, пиязға, сәбізге, қырыққабатқа, қиярға, қызанаққа, алмаға, иіс сабынға, кір сабынға, винил тұсқағаздарына, шаңсорғышқа, теледидарға, АИ-95/96 маркалы бензинге;

- Алматы қаласында 17 позиция бойынша (85%): ұнтақталған күрішке, қарақұмық жармасына, сары май мен күнбағыс майына, қаймаққа, тұзға, картопқа, сәбізге, қырыққабатқа, қиярға, қызанаққа, алмаға, иіс сабынға, кір сабынға, винил тұсқағазына, шаңсорғышқа, теледидарға;

- Қарағанды облысында 14 позиция бойынша (70%): ұнтақталған күрішке, қарақұмық жармасына, сары май мен күнбағыс майына, картопқа, сәбізге, қырыққабатқа, қиярға, қызанаққа, алмаға, кір сабынға, винил тұсқағазына, шаңсорғышқа, АИ-95/96 маркалы бензинге.

2) Бір жылда (2024 жылғы маусым 2023 жылғы маусымға):

- Астана қаласында 16 позиция бойынша (80%): ұнтақталған күрішке, қарақұмық жармасына, сары май мен күнбағыс майына, қаймаққа, тұзға, картопқа, пиязға, сәбізге, қырыққабатқа, алмаға, иіс сабынға, кір сабынға, шаңсорғышқа, теледидарға, АИ-95/96 маркалы бензинге;

- Алматы қаласында 14 позиция бойынша (70%): ұнтақталған күрішке, қарақұмық жармасына, сары май мен күнбағыс майына, қаймаққа, тұзға, пиязға, қиярға, қызанаққа, алмаға, иіс сабынға, кір сабынға, шаңсорғышқа, АИ-95/96 маркалы бензинге;

- Қарағанды облысында 11 позиция бойынша (55%): қарақұмық жармасына, күнбағыс майына, қаймаққа, тұзға, пиязға, қырыққабатқа, қызанаққа, алмаға, шаңсорғышқа, теледидарға, АИ-95/96 маркалы бензинге.

Сонымен қатар, жекелеген тауарларға **бағаның көп бағытты өзгеруі** белгіленді.

1) Ағымдағы жылғы қаңтар-маусым кезеңінде:

- Астана қаласы: эксперименттік есептеулер бойынша тұз бағасының өсуі 3,6% тіркелді (дәстүрлі тәсіл – 10,8% төмендеді);

- Алматы қаласы: эксперименттік есептеулер бойынша пияз бағасының төмендеуі 1,9% байқалады (дәстүрлі тәсіл – 4,6% өсті);

- Қарағанды облысы: эксперименттік есептеулер бойынша пияз бағасының төмендеуі 33,5% (дәстүрлі тәсіл – 32,9% өсуі), теледидар – 2,1% (33,2%), АИ 95/96 маркалы бензин және иіс сабыны – 0,3%-дан (0,7% және 1,4%) байқалды. Сондай-ақ, дәстүрлі тәсіл бойынша қаймақ – 4,5% (эксперименттік есептеулер – 1,9% қымбаттады), тұз 0,1% (1,1%) арзандады.

2) Бір жылда (2024 жылғы маусым 2023 жылғы маусымға):

- Астана қаласы: эксперименттік есептеулер бойынша винил тұсқағаздар бағасының төмендеуі 10,2% (дәстүрлі тәсіл – 6,5% өсуі) тіркелді. Сондай-ақ дәстүрлі тәсіл бойынша қызанақ – 4,9% (эксперименттік есептеулер – 12,4% қымбаттады), қияр 3,2% (7,3%) арзандады;

- Алматы қаласы: эксперименттік есептеулер бойынша картоп бағасының төмендеуі 21,4% (дәстүрлі тәсіл – 10,2% өсуі), сәбіз – 16% (16,1%), теледидар – 9,1% (56,3%), винил тұсқағаздары – 0,2% (8,9%) байқалады. Сондай-ақ, дәстүрлі тәсіл бойынша қырыққабат 27,1% арзандады (эксперименттік есептеулер – 1,9% қымбаттады);

- Қарағанды облысы: эксперименттік есептеулер бойынша сәбіз бағасының төмендеуі 13,8% (дәстүрлі тәсіл – 29,3% өсуі), винил тұсқағаздары – 13,3% (0,8%), кір сабыны – 11,7% (2%), картоп – 11,1% (0,6%), иіс сабыны – 3,7% (3,5%), сары май – 1,6% (28,6%) байқалды. Сондай-ақ, дәстүрлі тәсіл бойынша қияр – 17,8% (эксперименттік есептеулер – 23,8% қымбаттады), АИ-92 маркалы бензин 0,5% (2,8%) арзандады.

5. Қорытынды

Интерактивті дашбордты пайдаланушылар баға индекстерінің эксперименттік есептеулерінің нәтижелерін келесі критерийлер бойынша (өңір, тауар, кезең) бағалай алады.

ФДО деректері бойынша ұсынылған эксперименттік индекстер **түпкілікті емес**, эксперименттік есептеу әдістемесі қайта қаралуы мүмкін.

Жоба бойынша жұмыс барысында ХВҚ тарапынан халықаралық стандарттарға сәйкес келетін ауқымды деректерді пайдалана отырып, тұтыну бағалары индексін есептеу әдіснамасының **валидациясын** алу жоспарлануда.

Сонымен қатар, ХВҚ ұсынған баға статистикасы бойынша ауқымды деректерді өңдеудің прогрессивті әдіснамасына көшу үшін бақылау-касса машиналарының чектері бойынша **толық ақпаратты** пайдалану қажет.

ФДО деректерін өңдеудегі қиындықтардың бірі – олардың құрылымдалмауы. Бұл тауарларды тұрақты негізде автоматты түрде тану және жіктеу үшін **қосымша алгоритмдерді әзірлеуді талап етеді**.

Тауарларды сәйкестендіруді қамтамасыз ету мақсатында сауда және интеграция министрлігі **Тауарлардың ұлттық каталогын (ТҰК)** енгізуді әзірлеу бойынша жұмыс жүргізуде.

Сонымен қатар, дашбордта **орташа баға** деңгейі туралы деректер **жоқ**. Фискалдық деректерде нақтыланған ақпараттың болмауы (өлшем бірлігі, өлшеп орау идентификаторлары) стандартты өлшем бірлігінің орташа бағасын анықтауға әсер етті. Халықаралық сарапшылар біркелкі емес болуына байланысты ауқымды деректер негізінде орташа бағаларды есептемеуді ұсынады.

Ағымдағы мәселелерге қарамастан, тұтыну бағаларының индексін есептеуде ФДО деректерін пайдалану алғашқы ақпараттың **сапасын көтеруге**, зерттелетін тауарлардың **қамтылуын арттыруға** және статистикалық деректерді **жедел алуға мүмкіндік береді**.

www.stat.gov.kz / Эксперименттік статистика және зерттеулер

Шығаруға жауапты:
Баға статистикасы
департаменті

Орындаушы:
А.Макижанова
Тел. +7 7172 749265

Департамент директоры:
Қ. Жакыпбекұлы
Тел. +7 7172 749057

Мекен-жай:
010000, Астана қаласы
Мәңгілік ел даңғылы, 8
Министрліктер үйі, 4-кіреберіс